



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРАЛІГІ  
ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ  
ДІНТАНУ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТТАНУ КАФЕДРАСЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің  
**«МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ЖӘНЕ ДІНАРАЛЫҚ СҰХБАТ –  
ЗАМАНАУИ ҚОҒАМНЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУ КЕПІЛІ»** атты  
халықаралық Ғылыми және оқу-әдістемелік  
конференциясының

## **МАТЕРИАЛДАРЫ**

---

### **МАТЕРИАЛЫ**

Международной научной и учебно-методической  
онлайн-конференции  
**«МЕЖКУЛЬТУРНЫЙ И МЕЖРЕЛИГИОЗНЫЙ ДИАЛОГ –  
ГАРАНТ УСТОЙЧИВОГО РАЗВИТИЯ  
СОВРЕМЕННОГО ОБЩЕСТВА»**

Казахского национального университета  
имени аль-Фараби

Алматы 2016

**I Секция - Мәдениетаралық коммуникация қазақстандық қоғамдағы жаһандану контекстінде**

**Секция I -Межкультурная коммуникация в контексте глобализации в казахстанском обществе**

|                                                                                        |    |
|----------------------------------------------------------------------------------------|----|
| 1. Кобекова Б.К. Культурная компетентность в межкультурном диалоге.....                | 3  |
| 2. Молдабеков Ж.Ж. Күш-жігерді біріктірмей, ұлттық нысанды аламыз ба іріктей.....      | 5  |
| 3. Дузелбай А. Модернизациялық өзгерістің тұлғаға әсері.....                           | 11 |
| 4. Омарова Г. С. Этические мировоззрения Абая и Акыта.....                             | 15 |
| 5. Сәрсембай Ш.М. Кинофестиваль – мәдени жоба ретінде.....                             | 22 |
| 6. Түлекова Г.Х. Машықтану әдебі мен ауызекі сөйлеуді қалыптастырудың алғышарттар..... | 26 |

**II Секция - Діни коммуникацияның заңдық-құқықтық аспектілері**

**Секция II –Законодательно-правовые аспекты религиозной коммуникации**

|                                                                                                                                                        |    |
|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----|
| 1. Аликбаева А.Б. Взаимодействие производства, науки и образования: современные аспекты.....                                                           | 29 |
| 2. Арапат А.М., Ешняязова А. Діни коммуникациядағы діни ағымдар.....                                                                                   | 31 |
| 3. Асанова С. С. Жаһапұтшылдық құбылысы: зерттеу және анықтау парадигмалары.....                                                                       | 34 |
| 4. Джекебаева М.А. Діни коммуникацияның ерекшеліктері мен бүгінгі таңдағы маңызы.....                                                                  | 38 |
| 5. Затов Қ.А., Ишмаханов Ж. Дінді психологиялық құбылыс ретінде зертеудің методологиялық аспектілері.....                                              | 42 |
| 6. Зинабдинов А.Ш., Алимжанов А.К. Мұсылмандық рационалды діни философиядағы Құдай және оның сипаттары мәселесі (матуридилік-ашғарилік мысалында)..... | 45 |
| 7. Мейрбаев Б.Б., Есекеева Э.Ф. Влияние ислама на современные Европейские процессы: религиозоведческий обзор.....                                      | 51 |
| 8. Сәуірбай Д. Ислам әлемі және қазақстандық үдеріс.....                                                                                               | 55 |

**III Секция - Мәдениетаралық және дінаралық сұхбат мамандардың құзыретін жоғарылату факторы ретінде**

**Секция III - Межкультурный и межрелигиозный диалог как фактор повышения компетенции специалистов**

|                                                                                                                          |    |
|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----|
| 1. Аликбаева М.Б. Мәдениеттанулық пәндер бойынша реферат жазу әдістемесі.....                                            | 61 |
| 2. Бейсенов.Б.К., Игисенова А.Р. Заманауи әлемдегі дінаралық сұхбаттың өзекті мәселелері.....                            | 64 |
| 3. Габитов Т.Х. Типологический анализ современной казахской культуры.....                                                | 66 |
| 4. Мұқан Нұрзат, Үгітхан Жеке, Сағатбек Кабыл Қытай мемлекетінің ислам дініне қатысты ұстанатын негізгі принциптері..... | 70 |
| 5. Асанова С.С. Сунниттік таным бойынша діннен адасушылық және үлкен күнә мәселесі.....                                  | 76 |
| 6. Исмаил Н.О., Затов Қ.А. Қазіргі заманғы радикалдық идеялар мен әрекеттердің қайналары мен себептері.....              | 80 |
| 7. Әлтаева Н.С. Мормондардың миссионерлік қызметі.....                                                                   | 84 |

**IV Секция - Әлеуметтік-гуманитарлық пәндерді оқытудың инновациялық әдістері**

**Секция IV- Инновационные методы преподавания социально-гуманитарных дисциплин**

1. Абжалов С.У. Дінтанушы мамандарға исламдық пәндерді оқытудың әдістемелік негіздері.....88
2. Абишева А.К. Инновационный подход к развитию креативности в разработке международных образовательных программ в области гуманитарных наук.....92
3. Ахметова З.Б., Белгожақызы М., Шуренов Н.Б. Кейс-әдістерін семинар сабақтарында қолдану тиімділігі.....95
4. Байтенова Н.Ж., Бейсенов Б.Қ. Қазақстандағы діни және дінтанулық білім берудің өзекті мәселелері.....96
5. Бияздыкова К.Ә. Тунгатова У.А. Семинар сабақты жүргізудегі студенттің шығармашылық қабілеттерін дамыту әдістері.....100
6. Жолдубаева А.К. Культурология и ее экспертные возможности.....103
7. Зекай А.А. Сектанттар тарапынан психологиялық манипуляцияға ұшырағандарды оңалтудың әдістері.....107
8. Исмагамбетова З.Н., Карабаева А.Г., Сарсенбаева З.Н., Формирование толерантного мировоззрения в процессе преподавания философской, культурологической и психологической дисциплины.....110
9. Кулумжанов Н. Е. К вопросу об инновационных методах обучения.....114
10. Қаңтарбаева Ж.У. Мәдениеттану пәні бойынша СОӨЖ ұйымдастыру тәсілдері.....117
11. Мұрғабаева А.С. Бала тәрбиесіндегі әуеннің алатын орны.....119
12. Naraliyeva R.T., Toiganbekova M.Sh. Innovation modern Methods of Teaching Kazakh as a Foreign Language.....123
13. Өмірбекова А.Ө. Жоғары оқу орнында дәріс жүргізудің заманауи әдістері.....128
14. Рысбекова Ш.С., Рысбекова Г.Е. Оценка результатов обучения студентов.....131
15. Сарыбаева И.С., Садырова М.С. ЖОО түлектерінің кәсіби компетенттілігін қалыптастыру.....135
16. Хибина Н.Н. Білім берудегі инновация.....137

мұндай түрін қайшы жағдайлар кездеспейтін жай атап көрсету индукциясы деп атайды. Ғылыми индукция дегеніміз — белгілі топқа жататын нәрселердің кейбір бөлігінің себепті байланыстарын және мәнді қасиеттерін зерттеу негізінде, сол топқа жататын барлық нәрселер жөнінде жалпы қорытынды шығаратын индукциялық ой қорытындының бір түрі. Мұндай қорытынды жасау мүмкіншілігі бір текті нәрселердің, құбылыстардың өздеріне тән заңдылықтары мен себептерін білуге негізделген. Ғылыми индукция мен толымсыз индукцияның айырмасы осы жай атап көрсетуден қорытындыланады. Мысалы, біз өзіміз көріп жүрген құстардың барлығының ауамен тыныс алатынын байқаймыз. Осыдан "барлық құстар ауамен тыныс алады" деген қорытынды жасаймыз. Бұл жай атап көрсету индукциясы деп аталады. Бірақ, біз бірнеше немесе тіпті бір құстың тіршілік ету үдерісін есептегенде ауаның өмір сүруге қажетті нәрсе екенін анықтағанбыз, енді біз ауаның барлық құстарға қажетті екені туралы жалпы қорытынды шығара аламыз. Бұл ғылыми индукция болады. Ол өзінің қорытындыларында тек байқалған фактілердің санына сүйенуден гөрі (жай атап көрсету индукциясы секілді), фактілерді мұқият және жан-жақты зерттеуге басымырақ сүйенеді. Егер фактілер зерттеу ісіне жаңа материалдар беретін болса және мұндағы заңдылықты тереңірек түсіну үшін мүмкіндік беретін болса, ғылыми индукция үшін фактілердің саны маңызды болады. [3, б 73]. Біріншіден, ежелгі грек ойшылдары таным процесіне талдау жасай отырып, мазмұны әр түрлі ойқорытындылардың нәтижесінің ақиқат болуы тек алғышарттардың ақиқаттығына ғана емес, сондай-ақ пайымдау барысында олардың арасындағы байланыс түріне де тәуелді деген қорытындыға келді. Екіншіден, ежелгі гректер жұрт алдында сөйлей білу өнеріне айрықша мән берген. Әдемі сөйлей білу, жұртты сендіре білу қабілеті аса жоғары бағаланып, оны үйренуге баса назар аударылды. Қазақ тіліндегі күрделі атаудың ішкі мағыналық құрылымы мен лексикалық мағынасының арасындағы тәуелділікті зерттеген проф. Б.Касым: «Адам заттар мен құбылыстарды танып білу нәтижесінде жаңа атаудың өзіне ғана тән белгіні таңдауы, дүниетанымына байланысты белгілеуі атаудың ұғымдық белгісі болып саналады. Ұғымдық, танымдық белгі адам санасында қалыптасқан өмірде бар заттар мен құбылыстарды ұқсату, елестету арқылы тандалынып, жаңа атау жасалуына арқау, өзек болады». — дейді [2, б 198]. Адам миында қандай ой пайда болмасын, ол тілдік материалдың негізінде ғана туындап, іске асады. Тіл — ойды білдіретін таңбалар жүйесі. Тілдегі кез келген сөз дыбыстардың қосындысы немесе таңбалар жиынтығы ретінде материалдық нәрселерге қолданғанға ғана мағынаға ие болады [3, б 73]. Шешендік сөздерде заттың қасиеттерін іріктеп танып білуден туындаған семантикалық мәні өзара түсінікке құрылған тілдік қатынасты құрайды. Адам мен адамның арасындағы қатынаста көбінесе сөздердің ауыс, келтірінді мағыналары белгілі бір психикалық және логикалық мазмұнмен бірлікте құлқын реттеп отырады. Мысалы: «Дүниеде не жеттім?» деген Жәнібектің сұрағына Қарабас шешен: Оты жоқ жер жетім, Басшысы жоқ ел жетім, Елінен ауған ер жетім, Тыңдаусыз сөз жетім, Жөктаусыз қыз жетім, — деп жауап береді. [4, б 23].

Ойқорытуда сөздің нақты, дәлді болу үшін лебіз мазмұнды болуы керек. Жалпылама сөйлеуден аулақ болу қажет, бұл — тыңдаушыны жалықтырмаудың алғы шарты. Лебіздің мазмұнды, ұтымды, әсерлі шығуы тек, сен кімнің алдында ой жеткізесің, қандай өзектілікті қозғайсың, мәліметтің қаншалықты жаңашылдығы бар, дәлелдемелердің жеткіліктілігі бар ма, осыларды сараптап алу нәтижесінде ғана, дағдыға айналдырған жағдайда машықтанған сөз әдебі ойқорытудың танымдық деңгейіне жетеді.

#### Пайдаланылған әдебиеттер

1. Әл-Фараби. Әлеуметтік-эстетикалық трактаттар. Алматы, 1975. 420 б.
2. Г.Қосымова. Қазақ шешендік өнерінің негіздері және тілдік танымы "Ғылым", Алматы, 2005. 295б
3. Ә.Нысанбаев, Ғ.Есім, М.Изотов, К.Жүкешев. Қоғамдық білім негіздері: Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағытына арналған оқулық / т.б. — Алматы: «Мектеп» баспасы, 2006 жыл.
4. С.Негимов. Шешендік шиырлар. "Ғылым". Алматы, 1991ж. 285б.

Аликбаева Айнур Башановна  
КазНУ им.аль-Фараби ст. преподаватель

## **ВЗАИМОДЕЙСТВИЕ ПРОИЗВОДСТВА, НАУКИ И ОБРАЗОВАНИЯ: СОВРЕМЕННЫЕ АСПЕКТЫ**

На современном этапе развития общества образование и наука превращаются в производительную силу и выступают в качестве особой сферы общественного производства, являясь генерирующей силой в различных секторах экономики.

Идея интеграции образования, науки и производства не является новой. В XX веке в СССР был накоплен большой опыт по интеграции образования и производства (система «завод - вуз»), а также образования и науки (система «физтех»). Ретроспективный анализ особенностей интеграции образования, науки и производства позволяет сделать вывод о том, что в Казахстане получили своё развитие различные организационные формы этой интеграции: наукограды, технопарки, кафедры на предприятиях, интегрированные образовательные и научно-образовательные комплексы типа национальных и исследовательских университетов, университетских комплексов и т.д. Развитие новой категории вузов - исследовательских университетов - также осуществляется на основе реальной интеграции научного и образовательного процессов. [1]

Образовательная стратегия нашей республики подразумевает в качестве приоритета ускоренное развитие партнерства между наукой, производством и образованием. В современных условиях интеграция образования, науки и производства должна являться основой для современных достижений науки и техники и поэтому является приоритетным направлением развития экономики.

Поэтому в настоящее время интеграцию образования, науки и производства необходимо рассматривать как один из важнейших приоритетов, направленных на подготовку высококвалифицированных специалистов, соответствующих потребностям рынка труда в условиях развития инновационной экономики.

При этом эффективное взаимодействие университетов с отдельными работодателями и рынком труда в целом требует развития комплексного стратегического партнерства сторон, целью которого является объединение финансовых, кадровых, материально-технических и иных ресурсов для взаимовыгодного сотрудничества.

За последние годы наблюдается тенденция в стремлении компаний установить взаимодействие с образовательными учреждениями. Это взаимодействие, как правило, включает:

- вовлечение компаний в формирование учебных программ, в обучение и организацию практик, развитие профессиональных компетенций студентов, востребованных на рынке труда;
- проведение совместных научных исследований и разработок по различным инновационным направлениям;
- трудоустройство выпускников и создание базы практик;
- финансирование целевой подготовки студентов, дополнительные стипендии и гранты для студентов и преподавателей;
- создание социальных и материальных условий для закрепления и адаптации молодых специалистов на предприятии;
- создание совета работодателей на факультете для обсуждения различных вопросов в области подготовки кадров;
- проведение мастер-классов успешными людьми из сферы науки и сферы производства;

- участие представителей из производственной сферы в итоговых государственных экзаменах и в защите выпускных работ;
- проведение различных профессиональных конкурсов для выявления способностей студентов;
- с целью формирования профессиональной ориентации студентов организация экскурсий на предприятия.

Также наблюдается тенденция тесного взаимодействия образования с наукой на примере создания баз для исследовательской практики в магистратуре и докторантуре, а также выделение целевых грантов для образования с дальнейшим трудоустройством в исследовательских центрах, институтах. Указанные все направления взаимодействия образования и производства отражены в работе Совета работодателей Высшей школы экономики и бизнеса КазНУ им. аль-Фараби.

На основе всего этого бизнес получает стимул развивать высокотехнологичные производства, используя потенциал казахстанской высшей школы, используя креативный дух студенческой молодежи, предприятия получают квалифицированных специалистов новой формации, наука получает профессиональные кадры, заказы предприятий и стимулы для дальнейшего развития, а вузы, в свою очередь, - получают преимущества от науки и производства. Вузы начинают готовить кадры не впустую, не просто людей с дипломами, а специалистов, которые востребованы рынком труда. Интеграция науки, образования и производства еще раз доказывает правильность суждения «Теория без практики – мертва, практика без теории – слепа». Сотрудничество указанных сфер является взаимовыгодным для всех.

Партнерство университетов с предприятиями представляет собой с одной стороны кадровое обеспечение деятельности предприятий с учетом выделенных перспективных направлений развития, а с другой стороны, выражается в особой форме бизнеса, когда объединяются ресурсы нескольких субъектов, в рамках выполнения научно-исследовательских проектов.

Таким образом, в современных условиях создание системы подготовки кадров для инновационных предприятий можно рассматривать в двух направлениях.

Первое направление - университет осуществляет образовательную деятельность в тесном сотрудничестве с предприятиями. При этом работодатель принимает активное участие в формировании профессиональных компетенций специалистов, совместно с предприятиями разрабатываются инновационные образовательные траектории развития студентов, системы профессиональной адаптации и наставничества выпускников.

Попытка вузов самостоятельно прогнозировать потребность в специалистах и выстраивать на их основе планы подготовки специалистов приводит к сильным диспропорциям на рынке труда. Следовательно, возникает необходимость в совместной слаженной работе с представителями фирм и предприятий которая позволит учесть складывающиеся тенденции развития рынка труда.

Следует также отметить, что специфика данной траектории заключается в практическом наполнении учебного процесса, то есть организация учебного процесса на базе Центров коллективного пользования, внедрение проектного метода обучения в образовательный процесс, организация стажировок, практик студентов в компаниях, выполнение курсовых, дипломных работ по заказу компаний, проведение совместных корпоративных олимпиад и т.д. В настоящее время инновационная образовательная траектория используется в подготовке специалистов для ряда стратегических партнеров Университета.

Второе направление заключается в подготовке специалистов не только для конкретных компаний, но и способных самостоятельно организовать предприятие. Это - создание «новых работодателей», которые сами создают рабочие места для других. В реализации данного направления следует отметить значительную роль бизнес-инкубаторов, которые позволяют сформировать у студентов предпринимательские компетенции. [2]

Таким образом, главным результатом интеграции науки, образования и производства является создание университета исследовательского типа, деятельность которого направлена на подготовку профессиональных, востребованных кадров на рынке труда и формирование креативной личности, способной к саморазвитию, к самостоятельному мышлению и к анализу, к творческому, исследовательскому подходу ко всем процессам и явлениям современности.

#### Использованная литература

1. Ашихмина Я.Г. Интеграционные проекты в современной России: виды и характеристики // Научный ежегодник Ин-та философии и права УрО РАН. - 2010. - Вып. 10. - С. 193-203.

2. Г.В. Майер, В.П. Демкин, В.В. Маковеева. Принципы и механизмы интеграции образования, науки и производства. Сборник аналитических материалов II Всероссийской конференции «Профессиональные кадры России XXI века: опыт, проблемы, перспективы» – М.: Центр исследований социально-экономического развития регионов, 2008. – С.166–167.

Арапат А.М., Ешниязова А.  
Дінтану және мәдениеттану  
кафедрасы 2 курс магистранттары

#### ДІНИ КОММУНИКАЦИЯДАҒЫ ДІНИ АҒЫМДАР

Адам баласының барлығы дерлік мәдениетсіз, дінсіз өмір сүрген емес, әлдебір күштің, құдірет иесінің бар екенін біліп, оған құлшылығын жасап бағуда. Қазіргі кезде жер жер жүзінде әр түрлі діндер және сол діндерге сенушілер бар. Біздің қазақ қоғамы ерте бастан-ақ дінді ұстанып келе жатыр. Қазақ халқы үшін дәстүрлі дін ретінде Ислам құндылықтарының күнделікті өмірде өз орнын алғаны белгілі. Ата-бабаларымыз дәстүрлі дін Исламды, оның ішінде Ханафи бағытын ұстанып келді. Бүгінде елімізде дәстүрлі діни нанымдарымыз бен салт-санамызға сіңген діни көзқарастарға үйлеспейтін әртүрлі пікірлер мен ұстанымдар бой көрсете бастады. Бұл, өз кезегінде, ұлттық құндылықтарымызға өзінің кері әсерін тигізуде.

Қазіргі таңда біздің қоғамдағы Ислам бағытындағы ең үлкен қайшылық уахабилік, салафилік бағытты ұстанушыларға қатысты болып отыр. Олар уақыт талабын, әлемдік геосаяси ықпалдастықтарының бүгінгі, ертеңгі ағымы мен тасқынын ескермей өздерінің тар аядағы теріс те зиянды пікір-тұжырымдарын айналасындағыларға уағыздай бастады.

Деструктивті діни ағымдар – азаматтарымыздың құқықтарын бұзатын, оларға психологиялық әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, зиянын тигізетін діни ағымдар. Олардың ортақ сипаты – діни ілімінің ақиқаттылық деңгейінен емес, оған мүше адамдардың қоршаған әлеуметтік ортадан окшаулануы мен жетекшілік еткен азаматтарға көзсіз бағынуынан көрінеді. Осы жолды ұстанушылар саны жылдан жылға артып барады. Мұндай теріс әрі зияны мол амал-әрекеттердің алдын алудың жолы-дәстүрлі Исламды яғни Исламдағы Ханафи бағытын кеңінен насихаттау. Насихат байыпты әрі салихалық пікірлермен үндес, үйлесе таралуы үшін елімізде іргелі оқу орындарын ашып, онда ұлт, ел тарихы мен мәдениеті, исламтану, дінтану мамандығына ұштастыры оқытылуы мемлекеттік стандарт бойынша жүргізілуі шарт[1,25].

Шындығында адам санасын улап жатқан қарағар ағымдардың саны уақыт өткен сайын көбейіп барады. Елімізде дәстүрлі діни нанымдарымыз бен салтымызға сіңген діни көзқарастарға үйлеспейтін әртүрлі пікірлер мен ұстанымдар жарыққа шыға бастады. Олардың көпшілік біле бермейтін түрлерінің өзі қаншама санаңызды сансырататын сол қарағар діни ағымдардың тұңғық қаумалаған бір мағынасыз, сан зарар-залалға толған кіріптарлығын да кайтәрсіз. Өлшеулі өміріңіздің сәнін кетіріп, қаншалықты зиян келтіріп жатқанын көріп те естіп те жүрміз. Міне, осы діни ағымдар туралы жұртшылыққа мәлімет бере отырып, біздің мұсылман дінімізде оларды қолданудың, қабылдаудың зияны мен күнәсі да бар. Осы деструктивті діни ағымдар туралы мәлімет беру, оны біле отырып олардан аулақ болуды немесе түсіндіруді өзімізге міндег деп санаймыз. Қазақстанда күн сайын ондаған адам

Образование опирается на творческое мышление. Авторы разработанной программы креативного и культурного образования отмечают четыре особенности креативности: применение воображения, образной деятельности, т.е. процесс создания чего-то оригинального, обеспечивая альтернативу ожидаемому, обычному, или установленному порядку, это может быть синтез существующих идей и их иное толкование или их применение в ранее не связанной с ними области; затем преследование целей или применение воображения в действии; оригинальность или нестандартное решение проблем и иной, чем прежний, результат; и, наконец, определение ценности, т.е. оригинальные идеи, образная деятельность можно назвать творческими, если они осуществлены в целях и ее результатах после определенных трудностей, модификаций деятельности и могут быть применены и соответствующе оценены. [1]. Двигателем культурных изменений всегда остается способность человека для творческой мысли и действия.

Согласно исследованиям Римского клуба, неограниченное потребление и рост на планете с ограниченными ресурсами не могут долго продолжаться и несут риски для устойчивого развития человечества, в связи с чем клуб активизировал научные и философские исследования пределов возможностей человеческого прогресса. Немалое внимание было уделено развитию инноваций в области образования и благосостояния общества, взаимосвязи всех глобальных проблем и одновременно существованию преимущественно экономического неравенства стран в развитии и распространенности цифровых технологий, интернета и т.д. В одном из докладов Римскому клубу под названием "Нет пределов обучению" его авторы подчеркивают ответственность в том числе образования за создание общества будущего, основанного на гуманистических ценностях. Образование, согласно авторам, должно быть "опережающим", а не "поддерживающим". Так как взаимосвязи все время расширяют контекст и контексты все время распространяются, и поскольку все больше ценностей втянуто в них, понимание становится более трудным. Более легким способом справиться со сложностью часто является решение проблем с помощью старых формул. Эта тенденция характерна для "поддерживающего" типа образования и это путь адаптации к прошлому опыту. Игнорирование контекстов препятствует обучению, информация в нем циркулирует безотносительно контекста. Поэтому проблемой современного образования в постоянно усложняющемся мире является инновационное обучение, прежде всего предполагающее понимание контекста и предвидение тенденций развития в будущем направлении. Одним из важных принципов "опережающего" образования является солидарность сообществ в решении глобальных проблем и, в то же время соблюдения автономии, обеспечивая этим сохранение культурной идентичности для сообществ и являясь ключом для самореализации каждого индивида. [2].

Множество образовательных программ разработаны ЮНЕСКО, в частности, одна из них посвящена целостному и комплексному подходу к образованию ценностей для осуществления человеческого развития. В ней предлагаются различные инновационные методы, кейс-стади и другие технологии для образования ценностей в целях достижения международного понимания и осуществления разработанной ЮНЕСКО идеи культуры мира. [3].

Содержание этих международных образовательных программ по разработке инновационных подходов к развитию креативности применялись нами в преподавании дисциплины «Культура и образование: инновационные стратегии образования и ценности» на английском языке для докторантов PhD специальности "Культурология", так как они посвящены именно культуре образования и освоение таких методов способствует компетенции докторантов.

#### Литература

1. *All Our Futures: Creativity, Culture and Education*. National Advisory Committee on Creative and Cultural Education. Report to the Secretary of State for Education and Employment 1999.
2. James Botkin, Mahdi Elmandjra, Mircea Malitza. *No Limits to Learning* 1979



3. Learning to be: A holistic and integrated approach to values education for human development: Core values and the valuing process for developing innovative practices for values education toward international understanding and a culture of peace. Bangkok: UNESCO Asia and Pacific Regional Bureau for Education, 2002.

Ахметова З.Б., э.ғ.к., доцент  
Белғожақызы М., Шуренов Н.Б. оқытушы  
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ЭБЖМ  
Менеджмент және маркетинг кафедрасының

## КЕЙС-ӘДІСТЕРІН СЕМИНАР САБАҚТАРЫНДА ҚОЛДАНУ ТИІМДІЛІГІ

Бүгінгі таңда, білім беру жүйесін жетілдіру мемлекеттік деңгейдегі маңызды мәселелердің бірі, себебі білім беру жүйесі кез-келген мемлекет үшін стратегиялық маңызы бар сала.

Осы орайда жоғары білім беру ұйымдарының қызметін, білім беру жүйесін жетілдіру үлкен рөлге ие.

Соңғы уақытта Қазақстанда мемлекеттік басқару ғылымына көп көңіл бөліне бастады. Мемлекеттік басқару теориясы ғылыми маңызға ие болып бүгінгі күні Қазақстанның барлық дерлік жоғарғы оқу орындарында оқытылады. Бұл пәнді оқып үйретудің қазіргі кезең үшін маңыздылығы өте зор. Себебі, мемлекет пен азаматтық қоғам өтпелі кезеңді артқа тастап, жаңа кезеңге өтті, яғни, қазіргі уақытта мемлекеттік басқарудың Қазақстандық үлгісі мен жүйесі жаңадан қалыптасу үстінде. Қазіргі кездегі мемлекеттік басқару пәнінің мақсаты өндіріс үрдісі мен мемлекеттік жергілікті басқарудың әдістерін жасау болып табылады. Толығырақ айтқанда, нарықтық экономикаға өту кезеңінде мемлекеттік басқару мен реттеу жүйесін одан әрі дамыту және осы кезеңге тән жаңа қағидаларды басшылыққа ала отырып, Республикадағы экономикалық жүйені жандандыру. Ертеңгі күні экономикалық қатынастар мен мемлекеттік реттеу операцияларын жүзеге асыратын мамандардың экономикалық және құқықтық білімін тереңдету бүгінгі күннің аса өзекті мәселелерінің бірі.

Болашақ мамандардың білім беру ұйымдарының қабырғасында алған теориялық білімі мен олардың жұмыс барысында кездесуі мүмкін мәселер арасындағы сәйкессіздік пен алшақтық, мамандардың жұмыс процесі кезінде ұшырауы мүмкін жағдайларға дайын болмауы дайындалып жатырған кадрлардың сапасының төмендігінің көрсеткіші. Осы орайда мемлекеттік басқару теориясы пәнін оқыту процесінде case-study әдісін қолдану, яғни жағдаяттарды қолданудың тиімділігі зор.

Case-study тәсілі немесе оқытудың нақты жағдаяттар әдісі XX ғасырдың басында Америка Құрама Штаттарының Гарвард университетінің бизнес мектебінде пайда болған. Кейс амал-тәсілі алғашқы кезде бизнес мектебінде ғана қолданылып келсе, бүгінде бұл әдіс арқылы оқытудың қолданылу аясы кеңіп, ол құқық, мәдениеттану, медицина және басқа да салаларда жемісті қолданылуда. Қазір кезде кейс-стади тәсілі педагогикалық үрдісте де қолданыла бастады. Бұл әдіс оқушылардың пәнге деген қызығушылығының артуына, білімді терең меңгеруіне, ақпаратпен жұмыс істей алуына, әр түрлі жағдайларды саралап, өз ойларын еркін айтуына мүмкіндік береді.

Кейс-әдістерін семинар сабақтарында қолданудың көптеген оң жақтары бар. Біріншіден, студенттер берілген тапсырмаларды шеше отырып теориялық білімді практикалық қолданыспен ұштастыра алады. Ал бұл қазіргі білім жүйесінде өте маңызды. Екіншіден, кейстарды шешу сабақтың қызықты өтуіне үлкен септігін тигізеді. Үшіншіден, кейстарды шеше отырып білім алушылар өз бойында коммуникативтік, аналитикалық, тәжірибелік, әлеуметтік, шығармашылық дағдыларды қалыптастырып, оны одан әрі жетілдіре алады.

Мемлекеттік басқару теориясын оқытуда кейс-әдістері енді ғана етек жаюда. Алайда, бұл кезекте Қазақстанның басқару жүйесі мен экономикалық жүйесіне негізделген кейс-тапсырмалардың әлі де аз екендігін атап өткен жөн. Бұл пәнді оқыту барысында қолданылатын

Кейс-тапсырмаларды шешу көп жағдайда топтық формада жүргізілгендіктен бұл жерде студенттердің топта жұмыс істеу, ұжымдық рух секілді маңызды қасиеттерге де ие болатыны сөзсіз. Бір-бірінің пікірін тыңдау, іскерлік қатынастардың ережелері мен қағидаларын, іскерлік этиканы меңгеруде де кейс-әдісінің маңызы зор. Себебі, білім алушылар жағдаятты шешу кезінде өзін нағыз іскер адам ретінде сезініп, өзара қарым-қатынас кезінде іскерлік этиканы толықтай үйрене алады.

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасының Білім беруді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы жүзеге асырылуда.

Аталған бағдарламаға сәйкес, мемлекеттік жоғары білім беру ұйымдарының білім беру жүйесін жетілдіру елімізде жүргізіліп жатырған ауқымды шаралардың бірі.

Корытындылай келе, Елбасы қойған міндеттерді шешу үшін 2011-2020 жылға дейінгі білім беру бағдарламасын ойлағандай жүзеге асырып, білімнің барлық саласы– нәтижеге және елдің, оның экономикасы мен әлеуметтік саласын дамытуға жұмыс істеуі қажет. Білім беру саласының жетілдіру арқылы еліміздің жастары мен жас ұрпағы, халықаралық білім беру жүйесі талаптарына сай, жоғары бәсекеге қабілетті, сұранысқа ие мамандар болмақ.

**ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДІНИ ЖӘНЕ ДІНТАНУЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДІҢ ӨЗЕКТІ  
МӘСЕЛЕЛЕРІ**

96

Соңғы 15 жыл аралығында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-інде дінтанушы мамандарды дайындау жеткілікті дәрежеде іске асуда. Осы жылдар шеңберінде біздің күшімімізбен дінтану мамандығы бойынша оқулықтар, оқу құралдары, оқу-әдістемелік құралдар, мемлекеттік стандарттар, ЖОБ-лары (РУПы) дайындалып басылып шықты. Дінтану және мәдениеттану кафедрасының негізінде дінтану, теология, исламтанудың мемлекеттік стандарттары жасалып Білім және ғылым Министрлігінің мамандықтар классификаторына енгізіліп лицензия алынды. Осы уақыт шеңберінде Қазақстан үшін дінтану саласында жоғарғы білікті бакалавр мен магистранттарды дайындасақ, 2014ж. алғашқы PhD докторанттары диссертацияларын қорғап үлкен кәсіптік жолға жолдама алды.

Қазақстанда *дінтанулық білім* беру мәселесі бүгін көпбағытты сипатта, ол тек қана мамандарды дайындау деңгейімен ғана емес, сонымен қатар мазмұндық жағынан да айрылады. Дінтанулық білім беру мәселесі қойылғанда дінтанушы мамандарды даярлау мәселесімен қатар діни және дінтанулық сауатсыздық мәселесін шешумен де байланысты. Сонғы мәселеде дінтану пәнін міндетті пән ретінде барлық деңгейде және барлық мамандықтар үшін енгізу туралы сөз болып отыр, ол қазіргі қоғамда діни және конфессияаралық қатнастарда радикалды трансформацияларға байланысты орын алған көптеген мәселелерді шешуге негіз болар еді.

97